

Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары лауазымдарының тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 470 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 668қ Жарлығымен

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс
(узінді)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 18.04.2018 № 668қ Жарлығымен.

Жоғары офицерлік және басшы құрамның әскери, арнаулы атақтарын, сыныптық шендерін және біліктілік сыныптарын беруді реттеу мақсатында, "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қантардағы Қазақстан Республикасының Заны 23-бабының 8-тармағына, "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заны 29-бабының 2-тармағына және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заны 21-бабының 2-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары лауазымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін ("Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен).

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Орталық мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар осы Жарлықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап колданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің 2017 жылғы
5 мамырдағы №470
Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 10.10.2017 № 560; 13.10.2017 № 563 Жарлықтарымен.

P / c №	Лауазым атауы	Әскери атақ, арнаулы атақ, сыныптық шен, біліктілік синьш
1	2	3
1. Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігі		
1.	Министр	армия генералы
2.	Корғаныс министрінің бірінші орынбасары - Қарулы Күштер Бас штабының бастығы	генерал-полковник
3.	Корғаныс министрінің орынбасары (экономика және каржы мәселелеріне жетекшілік ететінді қоспағанда)	генерал-лейтенант
4.	Бас штаб бастығының бірінші орынбасары	генерал-лейтенант
5.	Бас штаб бастығының орынбасары	генерал-майор
6.	Бас инспекция бастығы	генерал-лейтенант
7.	Қарулы Күштер түрінің бас қолбасшысы	генерал-лейтенант, вице-адмирал
8.	Бас барлау басқармасының бастығы	генерал-лейтенант
9.	Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті - Елбасы атындағы Үлттых корғаныс университетінің бастығы	генерал-лейтенант
10.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тыл және қару-жарап бастығы	генерал-майор
11.	Әскери-техникалық саясат департаментінің бастығы	генерал-майор
12.	Кадрлар департаментінің бастығы	генерал-майор
13.	Стратегиялық жоспарлау департаментінің бастығы	генерал-майор

14.	Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы	генерал-майор
15.	Жауынгерлік даярлық департаментінің бастығы	генерал-майор
16.	Орталық командалық пункт бастығы	генерал-майор
17.	Бас барлау басқармасы бастығының бірінші орынбасары	генерал-майор
18.	Бас штаб бастығы - Қарулы Күштер түрі бас қолбасшысының бірінші орынбасары	генерал-майор, контр-адмирал
19.	Қазақстан Республикасы қарулы Күштерінің Тыл және қару-жарап Бас штабының бастығы	генерал-майор
20.	Қарулы Күштер түрі бас қолбасшысының орынбасары (Эскери-теңіз күштерін қоспағанда)	генерал-майор
21.	Өңірлік қолбасшылық әскерлерінің, әскер тегінің қолбасшысы	генерал-майор
22.	Штаб бастығы - әскер тегі, өңірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары ("Астана" өңірлік қолбасшылығын және зымыран әскерлері мен артиллеријаны қоспағанда)	генерал-майор
23.	"Шығыс", "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылықтары әскерлері қолбасшысының тыл және қару-жарап жөніндегі орынбасары	генерал-майор
24.	Әскери полиция бас басқармасының бастығы	генерал-майор
25.	Әскери институт бастығы	генерал-майор

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

1.	Төраға	ұлттық қауіпсіздік генерал-полковнігі
2.	Төраганың бірінші орынбасары	ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты
3.	Төраганың орынбасары	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
4.	Төраганың орынбасары - Шекара қызметінің директоры	генерал-лейтенант
5.	Төраганың орынбасары - "А" Арнаулы мақсаттағы қызметінің директоры	ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты
6.	Төраганың орынбасары - Қарсы барлау қызметінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты
7.	Төраганың орынбасары - Терроризмге карсы қызмет бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты
8.	Төраганың орынбасары - Экономикалық қауіпсіздік қызметінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры

9.	Акпарат және киберқауіпсіздік қызметінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
10.	Үкіметтік байланыс қызметінің директоры	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
11.	Қарсы барлау қызметі Қарсы барлау операциялары департаментінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
12.	Терроризмге қарсы қызмет Халықаралық терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес департаментінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
13.	Терроризмге қарсы қызмет Конституциялық құрылышты қорғау департаментінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
14.	Экономикалық қауіпсіздік қызметі Экономикалық қауіпсіздік департаментінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
15.	Әскери қарсы барлау департаментінің бастығы	генерал-майор
16.	Стратегиялық жоспарлау, бақылау және аудит департаментінің бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
17.	Академия бастығы	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
18.	Шекара қызметі академиясының бастығы	генерал-майор
19.	Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Астана және Алматы қалалары бойынша департаменттердің бастықтары	ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры
20.	Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы	генерал-майор
21.	Шекара қызметі директорының орынбасары (кадр, қаржы-шаруашылық мәселелеріне жетекшілік ететінді қоспағанда)	генерал-майор
22.	Шекара қызметі өнірлік басқармасының бастығы	генерал-майор, контрападмирал

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

1.	Министр	п о л и ц и я генерал-полковникі
2.	Министрдің бірінші орынбасары	п о л и ц и я генерал-лейтенантты
3.	Министрдің орынбасары	п о л и ц и я генерал-майоры
4.	Ұлттық ұланның бас қолбасшысы	генерал-лейтенант

5.	Ұлттық ұлан бас қолбасшысының бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы	генерал-майор
6.	Ұлттық ұлан бас қолбасшысының орынбасары	генерал-майор
7.	Ұлттық ұлан өнірлік қолбасшылығының қолбасшысы	генерал-майор
8.	Өнірлік қолбасшылық қолбасшысының бірінші орынбасары - штаб бастығы	генерал-майор
9.	Ұлттық ұлан әскери институтының бастығы	генерал-майор
10.	Әкімшілік полиция комитетінің тәрағасы	п о л и ц и я генерал-майоры
11.	Көші-қон қызметі комитетінің тәрағасы	п о л и ц и я генерал-майоры
12.	Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тәрағасы	ә д і л е т генерал-майоры
13.	Төтенше жағдайлар комитетінің тәрағасы	генерал-майор
14.	Криминалдық полиция, тергеу департаменттерінің бастықтары	п о л и ц и я генерал-майоры
15.	Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Астана және Алматы қалалары, көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары	п о л и ц и я генерал-майоры
16.	Академия бастығы	п о л и ц и я генерал-майоры

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

1.	Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры	жоғары сыйыпты мемлекеттік әділет кеңесшісі
2.	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары	1-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі
3.	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары	2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі
4.	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаһындағы Құқық қорғау органдары академиясының (бұдан әрі - Академия) ректоры	2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі
5.	Бас әскери прокурор	ә д і л е т генерал-лейтенанты
6.	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің тәрағасы	3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі

7.	Академияның бірінші проректоры	3-сыныпты мемлекеттік әділет кенесші
8.	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының: қылмыстық қудалау; занды күшіне енген үкімдердің зандылығын және олардың орындалуын қадағалау жөніндегі; қоғамдық мұдделерді қорғау жөніндегі; сотқа дейінгі тергеп-тексеру қызметі бастығы	3-сыныпты мемлекеттік әділет кенесші
9.	Астана, Алматы қалаларының, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының прокурорлары, Бас көлік прокуроры	3-сыныпты мемлекеттік әділет кенесші
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі		
1.	Құпия	
2.	Құпия	
3.	Құпия	
4.	Құпия	
5.	Құпия	
6. Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі		
1.	Қызмет директоры	сыртқы барлау генерал-лейтенанты
2.	Қызмет директорының бірінші орынбасары	сыртқы барлау генерал-майоры
3.	Қызмет директорының орынбасары	сыртқы барлау генерал-майоры
4.	Құпия	
5.	Құпия	
7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)		
1.	Ұлттық бюро басшысы	3-санатты жоғары біліктілік сиыбы
2.	Ұлттық бюро басшысының орынбасары	3-санатты жоғары біліктілік сиыбы

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2017 жылғы 5 мамырдағы

№ 470 Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейір жарлықтарының тізбесі

1. "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығы.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына өзгерістер енгізу" және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қарашадағы № 492 Жарлығының 1 және 2-тармақтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 23 қазандағы № 710 Жарлығының 1-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы № 1094 Жарлығының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 20, 201-құжат).

4. "Әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі № 1184 Жарлығының 1-тармағы.

5. "Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1565 Жарлығы.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 2 мамырдағы № 392 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 3 тамыздағы № 373 Жарлығы.

7. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 787 Жарлығы.

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына өзгерістер енгізу" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 33 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 31, 388-құжат).

9. "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 318 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 49, 666-құжат).

10. "Қазақстан Республикасының Президентінің кейір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013

жылғы 6 мамырдағы № 561 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 31, 465-күжат).

11. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құзет қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 814 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 32, 279-күжат).

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 3 шілдедегі № 853 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 45, 434-күжат).

13. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 54, 532-күжат).

14. "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 954 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.

15. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 94 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.

16. "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 231 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 21-22, 112-күжат).

17. Қызмет бабында пайдалану үшін.

18. "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 373 Жарлығымен бекітілген Қазақстан

Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК